«ҚАРАСАЙ АУДАНЫНЫҢ ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚАРЖЫ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ		**ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ ЭКОНОМИКИ И ФИНАНСОВ КАРАСАЙСКОГО РАЙОНА»**
БҰЙРЫҚ		**ПРИКАЗ**
30.12.2025ж.		**109-н**
Қаскелең қаласы		**город Каскелен**

2026 жылға арналған бір көзден сатып алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

1. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII ҚРЗ Заңының 10-бап 6-тармақ және 16-бап, 3-тармақ 25-тармақшасына сәйкес «Қарасай ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мүліктің тізілімі дерекқорына үздіксіз қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша қызметтері шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден сатып алу тәсілімен алынсын.
2. Осы бұйрықтың орындалуы Ж. Наурызбаеваға жүктелсін.

Болім басшысы **Ж. Ногайбаев**

000219

Қарасай ауданының экономика
және қаржы бөлімінің басшысы
Ж. Ноғайбаевқа

Қызметтік хат

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 516-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағының 25) тармақшасында көзделген негіздер бойынша бір көзден тікелей шарт жасасу арқылы мемлекеттік сатып алу веб-порталда белгіленген форматтық-логикалық бақылауды ескере отырып жүзеге асырылады.

«Ақпараттық-есептеу орталығы» акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 15 шілдедегі №802 қаулысымен мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор болып айқындалған.

2026 жылға мемлекеттік сатып алуға бөлінген сома 3 710 850,00 (үш миллион жеті жүз он мың сегіз жүз елу) теңге 00 тиынды құрайды.

Осыған байланысты, мемлекеттік мүлік тізілімінің деректеріне үздіксіз қолжетімділікті қамтамасыз ету қызметтерін «Ақпараттық-есептеу орталығы» акционерлік қоғамынан бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен сатып алу бойынша мемлекеттік сатып алуды жүргізу туралы шешім қабылдауыңызды сұраймын.

Бас маман **Ж. Наурызбаева**